Қызылорда қаласын газдандыруды кеңейту және өңірдің өнеркәсіптік және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындарын табиғи газбен қамтамасыз ету, сондай-ақ Қызылорда облысын газдандыру үшін техникалық база құру мақсатында жоба басталды, ол жалпы ұзындығы – 13 км жоғары қысымды, төмен қысымды – 207 км, сағатына 21 950 м<sup>3</sup> жалпы газ жіберу қуаттылығымен, газ құбырларын салу жолымен қалада газ таратудың айналма жүйесін қамтамасыз етуді көздейді. Сонымен қатар жоба 6 ГТП, 5 ШТП орна-

туды көздейді. Бұл ретте Қызылорда қ. Әл-Фараби, Саяхат, Жана-Ауыл шағын аудандарының, Бейбарыс, Рисмаш аудандарының, сондай-ақ Титов кенті ауданының тұрғындары мен коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындары газдандырылатын болады. Жобаны іске асыру нәтижесінде Қызылорда қ. 77 %-дан 90 %-ға дейін газдандыру деңгейіне қол жеткізу болжанып отыр. 2012 ж. қаңтарда жобаның 1-ші кезеңін іске асыру мақұлданды. 2012 жылы жоғары (жалпы ұзындығы 12 км) және төменгі



(195 км) қысымды, газды сағ. 21 950 м3 өткізу қабілетімен қоса газ құбырларын салу жолымен жобаның «Қызылорда қ. жаңа тұрғын шағын аудандарын газдандыру» 1-ші кезеңі аяқталды. Газ

тарату желілерінде 6 ГТП және 5 ШТП орнатылып, пайдалануға қабылданды. Абоненттерге газ беру жүзеге асырылуда. 1-ші кезең бойынша жұмыс көлемі аяқталды.

Республиканың газ жүргізілмеген аудандарын, атап айтқанда Жамбыл облысының Шу қаласы мен 23 шеткері жатқан ауыл-дарын табиғи газбен қамтамасыз ету үшін, жаңа аудандарды газдандыру үшін және техникалық база құру үшін 2012 жылы Жамбыл облысының АГРС-Қордайдан Шу қаласына дейін түйісетін, ұзындығы 106 км газ құбырын салу жобасы іске асты. 2011 жылы мемлекеттік сараптама өтіп, жоба бойынша ЖСҚ әзірлеу жүзеге асырылды. 2012 ж. желтоқсанның аяғында «Қордай – Шу» газ құбыры пайдалануға

берілді. Жобаны іске асыру шеңберінде жер асты орындауында бірінші санаттағы – 1,2 МПа жоғары қысымды 106 км газ құбырын салу орындалды. Газ құбырының трассасы алты автомобиль жолдарын, төрт өзенді (Шу, Рғайты, Қалғұты, Қақпатаc), сегіз бетон каналын, үш ЖЭБ-ті (500, 220 кВт) кесіп өтеді. Су тосқауылдарынан және автомобиль жолдарынан өту ГНБ-мен орындалған. «Қордай» АГТП аумағында қуаты сағ. 80 мың м3 жаңа блоктік газ тарату станциясы салынды.

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ АГРС-ҚОРДАЙДАН ШУ ҚАЛАСЫНА ДЕЙІН ТҮЙІСЕТІН ГАЗ ҚҰБЫРЫН САЛУ»**

Жобамен Алматы қ. тұрғын үй секторын газдандыру деңгейін 100%-ға дейін жеткізу мақсатында шкафтi газ реттеуiш пункттерiн монтаждаумен қоса төменгi және орташа қысымды жаңа көшелiк және кварталдық газ құбырларын жобалау және салу көзделiп отыр. Жобаны iске асыру нәтижесiнде ұзындығы 533 км жуық орташа және төменгi қысымды газ құбырларын пайдалануға беру жоспарлануда, ол 2020 жылға

шамамен 21,3 мың әлеуеттi абоненттердi қосу үшiн жағдай жасалады және Алматы қ. бойынша болжамды тұтынуды 103 млн м³ табиғи газына немесе 10%-ға өсiрудi қамтамасыз етедi. 01.01.2013 жылдағы жағдай бойынша жоспарланған 533 км газ құбырынан 333 км салынды, құбыр жолдарын электрохимиялық қорғаудың 3 бiрлiгi, 72 ШГТП және 75 протектор орнатылды.

**«АЛМАТЫ Қ. ТҰРҒЫН ҮЙ СЕКТОРЫНЫҢ СОҒҒЫ ТҰТЫНУШЫЛАРЫН ГАЗДАНДЫРУ»**

Жоба iле ауданының (Байсерке а., Ынтымақ а., Жаңа талап а., Көк-Қайнар а., Тройник ауданының Қоянқұс а.) және Алматы облысының Талғар ауданының (Алатау ПИТ, Талғар қаласының

оңтүстiк ауданы) елдi мекендерiн газдандыруды, атап айтқанда газ реттеуiш және шкафтық газ реттеуiш пункттерiн монтаждаумен қоса жоғары, төменгi және орташа қысымды жаңа түйiсетiн және

**«АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ІЛЕ ЖӘНЕ ТАЛҒАР АУДАНАРЫНЫҢ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІН ГАЗДАНДЫРУ»**

поселкешілік газ құбырларын жобалау және салуды көздейді. Жобаны іске асыру нәтижесінде Алматы облысын газдандыру деңгейін 6%-дан 8%-ға дейін жеткізу жос-

парланып отыр. 01.01.2013 жылдағы жағдай бойынша жоғары, орташа және төменгі қысымды 157 км газ құбыры жүргізілді, 55 ШГТП орнатылды.

**ҚР Өңірлерін Газдандыру Жобалары**

2012 жылы КазТрансГаз жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп республиканың өңірлерін газдандыру жөніндегі жұмысты жалғастырды. 2012 жылы өңірлік газ тара-

ту желілерін газдандыру және жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыруға «ҚазТрансГаз» АҚ-ның инвестицияларының жалпы сомасы 13,960 млрд теңгені құрады (ҚҚС-сіз).

**«САУДА ОПЕРАЦИЯЛАРЫ»**

**АГТКС САЛУ**

Инновациялық даму, сондай-ақ Алматы қаласының экологиясын жақсарту шеңберінде 2010 жылы ҚазТрансГаз ВГ-мен және қала Әкімдігімен бірлесіп Алматы қаласының автокөліктерін компримирленген табиғи газға көшіру пилоттық жобасын іске асырды. Аталған жоба шеңберінде муниципалдық автопарктің 200 автобусына қызмет көрсететін автомобиль газ толтыру компрессорлық станциясы (АГТКС) пайдалануға берілген. 2011 жылы КазТрансГаз Алматы қаласында қосымша 5 АГТКС са-

лу жөніндегі жобаны іске асыруға кірісті. 2011 жылғы мамырда «ҚазТрансГаз-Өнімдері» ЖШС-мен (50%) және KOLON Corporation-мен (50%, Оң.Корея) «АвтогазАлматы» ЖШС бірлескен кәсіпорны құрылды, ол жобалық және құрылыс-монтаждық жұмыстарына кірісіп те кетті. 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жобамен мынадай негізгі жұмыстар орындалды: – 1 АГТКС пайдалануға берілді; – 4 АГТКС бойынша жұмыс жалғасуда.



# Инновациялар

# «Қ»

азТрансГаз» АҚ-нда (бұдан әрі – Қоғам) Қоғамның компаниялар тобында инновациялық қызметті басқару жөнінде Қағидалар әзірленіп, енгізілді. Осы Қағидалар Қоғамда, оның еншілес және тәуелді ұйымдарында инновациялық қызметті жүзеге асырудың тәртібін регламенттейді. Қағидалар Қоғамның, оның еншілес және тәуелді ұйымдарының инновациялық қызметін кешенді және жүйелі тұрғыдан келу арқылы тиімділігін әрі нәтижелілігін арттыруға бағытталған.

Қоғам 2012 жылы өткен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ ұйымдастырған «Инновациялық Қазақстан» Республикалық конкурсына (бұдан әрі – Конкурс) қатысты. Қоғам «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобына кіретін барлық компаниялар арасында екінші орын алды. Конкурстың шеңберінде 27 ұсыныс түсті, олардың 13-і мақұлданды және осы кезде аталған ұсыныстардың қолданысы мен енгізілуіне байланысты жұмыстар жүргізілуде.

2012 жылдан бастап Қоғам 4 инновациялық жобаны іске асыруда:

## ОҚО ГАЗ ТАРАТУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ

# 1

ОҚО-да, әсіресе, облыстың газдандырылған аудандарында халықтың санының, шағын бизнес субъектілерінің, ондағы тұрғындардың жұмыспен қамтылуы тұрақты түрде арту үстінде. Газ құбырларының, жабдықтардың ескіруі және газ тарату жүйесінде технологиялық шығындардың өсуі ОҚО-дағы газбен жабдықтау жүйесінің маңызды проблемасы болып отыр.

Осыған байланысты, газ тарату жүйесін жаңғырту қажеттілігі пайда болды, ол өзіне төменгі қысымды болаттан жасалған газ құбырларын техникалық шығындарды азайтатын газ берудің екі сатылы жүйесін қолдана отырып, аз қабатты секторда орташа қысымды полиэтиленді газ құбырларына ауыстыруды қамтиды. Жеткізілген газ үшін ақы төлеу тәсілін жақсартатын аз қабатты үйлердегі әрбір тұтынушыда тікелей SMART-картамен жеке ШГРП орнатылған.

Жаңа жабдық есепке алу аспабымен жарақталған, орталық диспетчерлік пунктке ақпарат беруге (болашақта басқарудың автоматты жүйесін енгізу) мүмкіндік жасайды, монтаждауда басымдыққа ие. Аталған жобаға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 26 475 млрд тг. құрады.

## ТАРАЗ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ГАЗ ТАРАТУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ

# 2

2030 жылға дейінгі кезеңде Тараз қ. болашақ дамуын ескеріп, оларды пайдалану кезінде техникалық сенімділікті және қауіпсіздікті арттыру, жоғары нормативтік технологиялық шығынды азайту және газ құбырларының жобалық қуаттылығын қалпына келтіру мақсатында Тараз қ. газ тарату жүйесін жаңғырту жүргізіледі.

Жоба оларда металдан жасалған құбырлардың белсенді таттану үдерісі жүретін орташа және жоғары қысымды газ құбырларын жоғары сапалы полиэтиленді құбырларға ауыстыруды көздейді. Құрылған SMART-картамен және термодетекторлармен қоса мембраналық есептеуіштерді пайдалану газдың есебін неғұрлым нақты жүргізуге, тұтынушылармен жұмыс кезінде алдын ала төлем жүйесін пайдалануға мүмкіндік береді. Газбен жабдықтаудың екісатылы жүйесіне ауысу тұтынушыларға берілетін газ қысымының жеткіліксіз болу проблемасын шешуге, жүйенің өткізу қабілетін арттыруға, заңсыз кесуді анықтап, жоюға мүмкіндік береді.



Осылайша, жобаны іске асыру желіде газ жоғалтуды азайтуға, тұрғындарды және қала кәсіпорындарын газбен сенімді әрі тұрақты қамтамасыз етуді арттыруға мүмкіндік береді, өнеркәсіптің, шағын және орташа бизнестің дамуына жағдай жасайды, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға ықпал етеді. Осы жобаға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 18 404 млрд теңгені құрайды.

## «ЖАҚСЫҚОЯНҚҰЛАҚ» КҮМБЕЗІНЕН ГАЗ ІРІКТЕУ КЕЗІНДЕ ЭЖЕКТОРЛАР ОРНАТУ

# 3

Алғаш рет ҚР жер асты газ қоймаларын пайдалануда газ іріктеу кезінде осындай энергия үнемдейтін технологияны қолдану жоспарланып отыр. Аталған технологияны қолдану қымбат тұратын компрессорлық жабдықты сатып алудан бас тартуға мүмкіндік береді.

Ұқсас қондырғылар мен ЖГҚ жұмысының тиімділігін арттыру тәсілі алғаш рет және дара орындалуда «Газпром» ЖАҚ-ның Песчано-Умет ЖГҚ-да қолданылған.

Қазіргі кезде Германияның ЖГҚ бірінде алғаш рет осындай технологияны қолдану жоспарланған. Осындай технологияны қолданудың басқа әдісі дүниежүзінде жоқ. Аталған жобаның инвестициясының жалпы көлемі 499,1 млн тг. құрайды.

## ҰТҚЫР КОМПРЕССОРЛЫҚ СТАНЦИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

# 4

Автокөлік техникасының базасында қозғалмалы ұтқыр компрессорлық станцияларды (ҰҚС) пайдалану жөндеу жұмыстары жоспарланған магистральдық газ құбырының кез келген учаскесінде компрессорлардың жедел жеткізілімін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. ҰҚС автокөлік техникасының базасында автономды шағын контейнерлерді білдіреді. Ол оларға кез келген жерде тез жиналу әдісін береді, экономикалық және экологиялық эффекті бар.

Осындай қондырғылар «Газпром» ЖАҚ-ның объектілерінде экспериментті пайдалану кезеңінде және бар нәтижелер оларды пайдаланудың тиімділігі туралы куәлік етеді.

Аталған жобаның инвестициясының жалпы көлемі 2 046 млрд тг. құрайды.

# Тәуекелдерді басқару

Қоғамның және оның еншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдарының қызметі тәуекелдердің ықпалына ұшырағыш. Қоғам Топтың құны мен беделіне әсер етуі мүмкін тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге және олардың деңгейін төмендету жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрауыштарының бірі ретінде тәуекелдерді басқару маңыздылығын мойындайды.

Қоғамның тәуекелдерін басқару мақсаты бизнестің стратегиялық және жедел орнықтылығында ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ету болып табылады. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жүйелендіру және біріздендіру мақсатында Қоғам мыналарды әзірледі, өзекті етті және бекітті:

1. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның ішкі бақылау жүйесі туралы ереже (Директорлар кеңесінің 01.07.11 ж. № 9 шешімі);
2. «ҚазТрансГаз» АҚ тәуекелдерін басқарудың 2013 жылға дейінгі саясаты;
3. «ҚазТрансГаз» АҚ тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау қағидалары;
4. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның тәуекелдер жөніндегі комитеті туралы ереже (Директорлар кеңесінің 26.10.2011 ж. № 14 шешімі)

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ




«Сынықмүйіз» – морт сынған тік төртбұрыш жасап, төрт рет ішке қарай иіледі. Бұл ою-өрнек кілемдерді, шилерді, басқұр мен алашаларды, сондай-ақ әр түрлі қалталарды безендіру үшін пайдаланылады, ал сырт көрінісі малдың сынған мүйізіне ұқсайды.





## «ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ-НЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕР КАРТАСЫ, 2012



### ТӘУЕКЕЛДЕР ТІЗБЕСІ

- |   |   |   |
|---|---|---|
| <p>1. Бизнес-процестерді басқару кемшіліктері. Қайта құрылымдауға байланысты өндірістің тиімділігін бұзу немесе азайту. Компанияның басқарушылық шешіміне акционерлердің шектен тыс әсері</p> <p>2. Кредиттік міндеттемелер бойынша дефолт/кросс-дефолт тәуекелі</p> <p>3. ҚТГ-ның кепілді міндеттемелері бойынша дефолт тәуекелі</p> <p>4. Қолма-қол ақша тапшылығы тәуекелі</p> <p>5. Депозиттік салымдар бойынша банк дефолтының тәуекелі</p> <p>6. Теңгенің АҚШ долларына қатысты ауытқуы</p> | <p>7. Қырғыз Республикасы тұтынушыларының газды рұқсатсыз іріктеп алу тәуекелі</p> <p>8. «ҚТГ» АҚ мен «ҚРГ» ЖШС арасында жасалған комиссия шартының шеңберінде газ жеткізу бөлігінде міндеттемелердің орындалмау тәуекелі</p> <p>9. ГҚДҚ-дан газ өңдейтін зауытқа тұрақты конденсат берудің бұзылып тұруы</p> <p>10. Ұңғыманың бақылаудан шығуы</p> <p>11. Геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу кезінде келеңсіз нәтиже алу</p> <p>12. Газ тасымалдау кезіндегі техногендік немесе өндірістік авария</p> | <p>13. Салынған инвестицияларды жоғалту тәуекелі (ҚырқазГаз)</p> <p>14. Қаржылық көмектің қайтарылмау тәуекелі</p> <p>15. Газ тасымалдау жүйесі тұтастығының бұзылу тәуекелі</p> <p>16. Авария немесе механизмдердің, жабдықтар мен құрылыстардың зақымдану тәуекелі</p> <p>17. Қоғам техникалық қызмет көрсетуге және пайдалануға қабылдаған басқа ұйымдар активтерінің сақталу тәуекелі</p> <p>18. ЛИБОР құбылмалы ставкасының ұлғаюы салдарынан борышты өтеу шығындарының ұлғаюы</p> |
|---|---|---|

Тәуекелдер тізілімі және тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі 2012 жылға арналған іс-шаралар жоспары\*

тәуекел №	Қойылған міндеттерге/мақсаттарға жету үшін тәуекел немесе қауіп	Тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары		
		Тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар	Іс-шаралардың бағалау құны, млн USD	Іс-шараны іске асыру мерзімі
1	Бизнес-процестерді басқару кемшіліктері. Қайта құрылымдауға байланысты өндірістің тиімділігін бұзу немесе азайту. Компанияның басқарушылық шешіміне акционерлердің шектен тыс әсері	ҚТГ тобын қайта құрылымдау тұжырымдамасы әзірленіп, акционерге жіберілді. ҚТГ-ны қайта құрылымдау мәселелері жөніндегі дью-дилідженс өткізілді, «ҚМГ» АҚ Басқармасы мақұлдаған ҚТГ-ны қайта құрылымдаудың іс-шаралар жоспары бойынша тәуекелдер анықталды, «ҚазТрансГаз» АҚ тобын қайта құрылымдау сценарийі ұсынылды	0	2012 ж.
2	Несиелік міндеттемелер бойынша дефолт/кросс-дефолт тәуекелі	ҚТГ кепілдік берген ЕТҰ қарыздарының мониторингі, ЕТҰ және ҚТГ бойынша ковенанттарды талдау және болжау. Кросс-дефолтқа әкелуі ықтимал оқиғаларды талдау. Дефолт пен кросс-дефолтты болдырмау үшін қажет болған кезде қайта құрылымдау	0	2012 ж.
3	ҚТГ-ның кепілді міндеттемелері бойынша дефолт тәуекелі	1. Міндеттемелер бойынша шектеулердің бұзылуын болдырмау үшін ЕТҰ-ның қаржылық көрсеткіштерін мониторингілеу және өзекті ету 2. ЕТҰ қарыздарының мониторингі, ЕТҰ және ҚТГ бойынша ковенанттарды талдау және болжау	0	2012 ж.
4	Қолма-қол ақша тапшылығы тәуекелі	Кэш-флоуды болжамдау, кредиттік желілер ашу және қолдау, аккредитивтерді пайдалану, дебиторлық және кредиторлық берешекті оңтайландыру жөніндегі жұмыс	0,188	2012 ж.
5	Депозиттік салымдар бойынша банк дефолтының тәуекелі	Депозиттер орналастырылған банктердің кредиттік рейтингтерінің мониторингі	0	2012 ж.
6	Теңгенің АҚШ долларына қатысты ауытқуы	Валюта бағамдарын хеджирлеу жөніндегі іс-шаралар қаралады	0	2012 ж.
7	Қырғыз Республикасы тұтынушыларының газды рұқсатсыз іріктеп алу тәуекелі	«Қазақстан-Қытай» МГҚ мен «БГА-ТБА» МГҚ арасындағы түйіспе арқылы өтетін газды сатып алу туралы Қытай тарабымен келіссөздер жүргізу	0	қаңтар, сәуір, қазан – қараша
8	«ҚТГ» АҚ мен «ҚРГ» ЖШС арасында жасалған комиссия шартының шеңберінде газ жеткізу бөлігінде міндеттемелердің орындалмау тәуекелі	Газ беруге арналған шарттар жасасу мақсатында өнім берушілермен келіссөздер жүргізу. Баға белгілейтін Қаулыны уақтылы шығару.	0	қаңтар – желтоқсан
9	ГҚДҚ-дан газ өңдейтін зауытқа тұрақты конденсат берудің бұзылып тұруы	1. АГӨЗ ЖШС-мен консорциялық келісімнің шарттарын қайта қарау. 2. Жергілікті атқарушы органмен ТЖ кезінде көмек көрсетуге дайындық туралы байланыс ұстап тұру. 3. Газ конденсатының тұтынушылық базасын кеңейту мәселесін пысықтау	0	2012 ж.
10	Ұңғыманың бақылаудан шығуы	Бұрғылау жөніндегі жұмыстар үшін мердігерді тартқан жағдайда шартта авария жағдайында оны жою жөніндегі барлық шығыстарды мердігер өзіне алатынын көрсету қажет. 1. Ұңғымалардың жай-күйіне күн сайынғы мониторинг жасау. 2. Авариялардың алдын алу және ұңғымаларды жөндеу үшін қажетті жабдықтар мен керек-жарақтар сатып алу. 3. Тәуекел іске асқан жағдайда ұңғымаларды сақтандыру. 4. Тәуекел іске асқан жағдайда салдарын жою үшін авариялық қор құру	0,29	2012 ж.

тәуекел №	Қойылған міндеттерге/мақсаттарға жету үшін тәуекел немесе қауіп	Тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары		
		Тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар	Іс-шаралардың бағалау құны, млн USD	Іс-шараны іске асыру мерзімі
11	Геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу кезінде келеңсіз нәтиже алу	1.Мамандандырылған жобалау ұйымының келісімшарт аумағын алдын ала барлау жобасын әзірлеу. 2.Жүргізілетін геологиялық-барлау жұмыстарының (супервайзер) сапасын жүйелі түрде бақылап отыру	0,25	2012 ж.
12	Газ тасымалдау кезіндегі техногендік немесе өндірістік апат	1) КС желілік бөлігі мен жабдықтарын күрделі жөндеу; 2) техникалық персоналды оқыту/біліктілігін арттыру		тұрақты
13	Салынған инвестицияларды жоғалту тәуекелі	Іс-шаралар жұмыс тобының Қырғыз Республикасына сапары барысында қол жеткен уағдаластықтарға сәйкес анықталатын болады	0,00	2012 ж.
14	Қаржылық көмектің қайтарылмау тәуекелі	Іс-шаралар делегацияның Грузияға сапарынан кейін анықталатын болады	0	2012 ж.
15	Газ тасымалдау жүйесі тұтастығының бұзылу тәуекелі	Магистральдық газ құбырлары (МГҚ), компрессорлық станциялар (КС), жерасты газ сақтау қоймалары (ЖГҚ) объектілерін, энергиямен қамтамасыз ету объектілерін, автоматты басқару, жабдықтарды бақылау, қорғау және реттеу жүйелерін қайта құрылымдау және техникалық қайта жарақтандыру есебінен ГТЖ сенімділігін қамтамасыз ету. SAP жүйесінің PS, TORO модульдерін жетілдіру. Пайдалану мұқтаждары мен жөндеуге арналған материалдарды уақтылы жеткізуді ұйымдастыру. Объектілердің күзгі-қысқы жағдайда жүйені пайдалануға және көктемгі су тасқынына сенімділігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орындау. ГТЖ-ға техникалық қызмет көрсетуді, диагностиканы, жөндеуді уақтылы жүргізу есебінен ГТЖ қауіпсіздігін қамтамасыз ету. ГТЖ жұмысының оңтайлы режимін ұстап тұру.	285	2011-2012 жж.
16	Авария немесе механизмдердің, жабдықтар мен құрылыстардың зақымдану тәуекелі	Қоғамның мүлкін ерікті сақтандыру. Объектіде өрт-алдын алу іс-шараларын жүргізу. Персоналды өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту, өрт-техникалық минимумнан міндетті түрде өткізу. Өртке қарсы қызметті күтіп-ұстау. Өрт сөндіру және өрт дабылы автоматты жүйелерін монтаждау және оларды үнемі дайындықта ұстап тұру. Объектілерді бастапқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету. Қызметкерлерді өрт кезінде әрекет етуге, бастапқы өрт сөндіру құралдарын пайдалана білуге үйрету. Объектілерде өрт сөндірудің жедел жоспарларын әзірлеу және олар бойынша өртке қарсы қызмет пен персоналдың іс-қимылын пысықтау. Штаттан тыс жағдайларды жою жөніндегі жоспарларды әзірлеу. Су тасқынына қарсы іс-шаралар өткізу және т.б.	4,73	2011-2012 жж.
17	Қоғам техникалық қызмет көрсетуге және пайдалануға қабылдаған басқа ұйымдар активтерінің сақталу тәуекелі	Сақтандыру қорғанысын ұйымдастыру. ГТЖ-ға техникалық қызмет көрсету мен оны пайдалануды реттейтін техникалық құжаттаманың талаптарын сақтау. Персоналдың біліктілігін арттыру. Басқа активтерді қабылдау және қызмет көрсету тәртібін айқындайтын ІНҚ талаптарын орындау	-	2011-2012 жж.
18	ЛИБОР құбылмалы ставкасының ұлғаюы салдарынан борышты өтеу шығындарының ұлғаюы	Либор ставкасын хеджирлеу мүмкіндігін қарастыру, тарифті түзету	-	2011-2012 жж.

#### «ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ-НЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

- ҚТГ кепілдік берген ЕТҰ қарыздарының мониторингі, ЕТҰ және ҚТГ бойынша ко-венанттарды талдау және болжау, кросс-дефолтқа әкелуі ықтимал оқиғаларды талдау, дефолт пен кросс-дефолтты болдырмау үшін қажет болған кезде қайта құрылымдау;
- Бағамға әсер ететін нарықтық факторларды үнемі мониторингілеу және талдау;
- «ҚазРосГаз» ЖШС-мен және «Газпром» ААҚ-мен қазақстандық газдың комиссия шартында айтылған көлемін қабылдауды қамтамасыз ету және міндеттемелерді толық көлемде орындау жөнінде келіссөздер жүргізу;
- ГҚДҚ мен ұңғымалардың жай-күйіне күн сайын қашықтықтан мониторинг жүргізу, жүргізілетін геологиялық-барлау жұмыстарының сапасын жүйелі түрде бақылап отыру;
- Амангелді газы үшін жаңа тарифті бекіту үшін ТМРА-ға әзірленген рентабельді тарифті есептеу әдісімен өтінім енгізу;
- ТМРА өтінімді қабылдамаған жағдайда активтердің құнсыздануы жөніндегі шығыстарды Қоғамның бюджетіне қосу;
- Жыл сайынғы негізде жұмыс жоспарларын жасау және апаттар мен оқыс оқиғаларды болдырмау мақсатында өндірістік активтерге диагностика, күрделі жөндеу жүргізу;
- Ықтимал апаттарды жою жоспарлары әзірленді, жыл сайын ірі ауқымды, кешенді командалық-штабтық оқу-жаттығулар өткізіліп тұрады;
- Еңбекті, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін қорғау жөніндегі шараларды, персоналдың жауапкершілігін жетілдіру жүргізілді;
- Өндіріс пен құрылыс, сондай-ақ Қоғамның материалдық активтері жазатайым оқиғалардан және апаттардан сақтандырылды.

# Сапа менеджменті жүйесі

## «ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) қолдану саласы Қазақстанның аумағында газ тасымалдау және бөлу жөніндегі корпоративтік активтерді басқару және газды ішкі және сыртқы нарықта өткізу болып табылады.

«ҚазТрансГаз» АҚ және оның ЕТҰ бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді менеджмент жүйесін енгізу және жақсарту бөлігінде, интеграцияланған менеджмент жүйесін басқару жөніндегі қызмет жүргізеді.

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның бизнес-процестерін басқару жүйесін үздіксіз жетілдіру және дамыту мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізілді:


- инновациялық қызметті басқару жүйесін әзірлеу және енгізу бойынша, оның ішінде «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобында ЕТҰ-мен бірлесіп инновациялық қызметті басқару» үдерісін сипаттау және енгізу. Инновациялық қызметті басқару жүйесін енгізу шеңберінде «ҚазТрансГаз» АҚ қызметін диагностикалау (талдау) жұмыстары жүргізілді және оны жетілдіру үшін бағыттары айқындалды.
- инновациялық қызмет жөніндегі жобаның шеңберінде «ҚазТрансГаз» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын және жауапты қызметкерлерін оқыту бойынша;
- СМЖ ішкі аудитін өткізу және «ҚазТрансГаз» АҚ-ның бар құжат айналымының шеңберінде ИМЖ автоматтандырылған деректер базасы түрінде басшылық тарапынан СМЖ бағалауды талдау жөніндегі үдерісті автоматтандыру бойынша;
- «СМЖ ішкі аудиті» модулінде ИМЖ автоматтандырылған деректер базасын қолданып, «ҚазТрансГаз» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелерінде және басшылығында СМЖ ішкі аудиті жүргізілді.

СМЖ-ны жетілдіру және жақсарту жұмыстарының тиімділігі үшін 2012 жылы «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университеті» ЖМ-мен бірлесіп барлық деңгейдегі персоналды оқыту жүргізілді.

## «ИНТЕРГАЗ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ» АҚ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ-нда ISO 9001:2008., ISO 14001:2004 и OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігін растайтын интеграцияланған менеджмент жүйесі жұмыс істейді.

2011 жылы «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның еншілес ұйымымен филиалдардағы энергия үнемділігіне талдау жұмысы жүргізілді, 2013-2014 жылдарға арналған энергия үнемділігі жөніндегі Нысаналы іс-шаралар жоспарына енгізу, ішкі құжаттарды өзекті ету және оларға өзгерістер енгізу мақсатында барлық филиалдар үшін іс-шаралар тізбесі әзірленді. СМЖ, СМОС және СМОЗЖОБТ саласында 2012 жылға арналған Мақсаттардың орындалуына талдау жүргізілді.



## «ҚАЗТРАНСГАЗ – АЛМАТЫ» АҚ

«ҚазТрансГаз Алматы» АҚ еншілес ұйымында ISO 9001:2008, SO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес интеграцияланған менеджмент жүйесі (ИМЖ) әрекет етеді.

2012 жылы «ҚазТрансГаз – Алматы» АҚ TUV Thüringen сертификаттау жөніндегі халықаралық органы жүргізген ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 және ISO 9001:2008 стандарттарының талаптарына сәйкестігіне 1-ші қадағалау аудитін өткізді.

2012 жылы «ҚазТрансГаз - Алматы» АҚ ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 және ISO 9001:2008 стандарттарының талаптарын орындау жөніндегі жұмыс орындарында жауапты персоналға қосымша нұсқау беру жүргізілді.

## «ҚАЗТРАНСГАЗ АЙМАҚ»

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның ISO 9001:2008, ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес сертификатталған интеграцияланған менеджмент жүйесі (ИМЖ) бар.

2012 жылы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның еншілес ұйымы менеджмент жүйелерін үнемі жақсарту шеңберінде экологиялық тәуекелдерді, қауіпті және зиянды өндірістік факторларды азайтуға, тәуекелдерді басқару және өзін-өзі бағалау, өндіріс құралдарын жаңғырту мәселелеріне, сервистік қызметтер көрсетуге байланысты құжаттар мен рәсімдер әзірленіп, енгізілді.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ 2012 жылғы теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін (ТКЖ) автоматтандыруға арналған бизнес-процестер жөніндегі бөлектеп есепке алу әдіснамасы бойынша сараптама жүргізді.

## «АМАНГЕЛДІ ГАЗ» ЖШС

«Амангелді газ» ЖШС-де интеграцияланған менеджмент жүйесі әрекет етеді, онымен СТ ҚР ИСО 9001-2009, ТС ҚР ИСО 14001-2006 және OHSAS 18001:2007 бойынша ұлттық сәйкестік сертификаттары алынды.


2012 жылы «Амангелді газ» ЖШС қызмет сапасына, Серіктестіктің қызметін барлық кезеңде басқарудағы тиімділікке байланысты экологиялық аспектілер, тәуекелдер мен салалар бойынша нәтижелілікті арттырды.

## «ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША ИМЖ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

Бүгінгі таңда «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының басқару жүйесі халықаралық және ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес интеграцияланған, басқару жүйесі тұрақты және серпінді дамып келеді, ондағы қызмет басқарудың барлық кезеңдерін: тұтастай алғанда Компанияның басқару жүйесін одан әрі жақсарту мақсатында жоспарлады, орындауды, бақылауды, талдауды сипаттайтын белгіленген бизнес-процестерге сәйкес жүзеге асырылады.



# Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау



«Арқармүйіз» – деп аталатын ою-өрнек қойдың мүйізін бейнелейтін оюдың түрі. Бұл элемент «қошқармүйізге» өте ұқсас, бірақ, оған қарағанда шиыршықтанып, тармағы одан көбірек болып келеді. Олар кілем, тұскиіз, сырмақ, кесте, киім-кешек пен үй жиһаздарында кездеседі.



## **«ҚАЗТРАНСГАЗ» АҚ-НЫҢ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖҰМЫСЫ**

«ҚазТрансГаз» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) компаниялар тобының өндірістік объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті, өрт қауіпсіздігін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс 2012 жылы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілеріне, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесіне» (ЕҚББЖ), «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның ЕҚББЖ, «ҚазТрансГаз – Алматы» АҚ-ның ЕҚББЖ, «ҚазТрансГаз – Аймақ» АҚ-ның ЕҚББЖ сәйкес жүргізілді.

«ҚазТрансГаз» АҚ орталық аппаратының өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және экологияны қорғау саласындағы 2012 жылға арналған жұмыс жоспарында көзделген іс-шаралары толық көлемде орындалды.

Кестеге сәйкес өткен кезеңде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның өкілдерімен бірлесіп, «ҚазТрансГаз – Аймақ» АҚ-ның, «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС-нің орталық аппаратында, «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның, «ҚазТрансГаз – Аймақ» АҚ-ның Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда өндірістік филиалдарының «Тараз» МГҚБ, «Атырау» МГҚБ, «Ақтау» МГҚБ, «Ақтөбе» МГҚБ, «Орал» МГҚБ, «Қызылорда» МГҚБ, Азиялық газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жай-күйіне тексерулер жүргізілді. Тексерулердің нәтижелері бойынша жұмыстарды жүргізу жөніндегі ұсыныстар дайындалып, шаралар қабылдау үшін еншілес және тәуелді ұйымдарға (бұдан әрі – ЕТҰ) жіберілді.

2012 жылы Қоғам бойынша барлығы бесінші және алтыншы деңгейдегі 28 тексеру жүргізілді. Мемлекеттік бақылаушы органдар 82 тексеру жүргізді: ТЖМ – 40; ГСЭН – 17; ЕХӘҚМ – 6; прокуратура органдары – 8; Қоршағанортәміні – 11.

2012 жылдың 4-тоқсанында Қоғамның компаниялар тобы ЕТҰ-ның объектілерін тексерудің 2013 жылға арналған кестесі дайындалып, бекітілді.

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөніндегі бірыңғай бағытты әзірлеу мақсатында:

- а. ж. шілдеде Қоғамның Бас директорының ГТЖ басқару жөніндегі орынбасарының төрағалық етуімен еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі ұйымдастыру-әдістемелік кеңес өтті. Кеңеске ЕТҰ бірінші басшыларының өндіріс жөніндегі, ЕТҰ құрылымдық бөлімшелерінің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі басшыларының орынбасарлары қатысты. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ әзірлеген құжаттаманы басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесі есептілігінің нысандарын өзекті ету, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, экологиялық қауіпсіздік бойынша есеп беру және жоспарлаудың бірыңғай нысандарын енгізу мәселелері қаралды;
- а. ж. қыркүйекте Қоғамның Бас директорының төрағалық етуімен Қоғамның барлық ЕТҰ бірінші басшыларының қатысуымен еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі кеңейтілген кеңес өткізілді. Осы кеңестің хаттамалық шешімімен компаниялар тобында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жүйесін жетілдіру жөнінде нақты ұйымдастыру және практикалық шаралар кешені айқындалды;
- Қоғамның Бас директорының 2012 жылғы 13 қыркүйектегі № 132 бұйрығымен

- бюджеттік шығындарды ашып жазудың, жоспарлаудың, есеп берудің, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, экологиялық қауіпсіздік жөніндегі негізгі көрсеткіштердің бірыңғай нысандары бекітілді;
- Қоғамның Бас директорының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 184 бұйрығымен «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысына басшылық ету үшін Қоғамның басшы құрамы арасындағы жауапкершіліктің аражігі ажыратылды;
  - Қоғамның Бас директорының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 185 бұйрығымен төтенше жағдайлар, авариялар мен оқиғалар туралы хабардар ету жөніндегі жедел комиссия жаңа

құрамда құрылды. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру үшін 2012 жылдың 4-тоқсанында «ҚазТрансГаз» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдары еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қызметтерінің «ҚазТрансГаз» АҚ-ның өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және экологияны қорғау департаментіне жедел бағынуы туралы» үлгі ереже әзірленді. Орталық аппараттың еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы 2013 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді. ЕТҰ персоналдың еңбегін қорғауды, өнеркәсіптік, өрт, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі 2013 жылға арналған жұмыс жоспарын әзірлеп, бірінші басшылар оны бекітті.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының объектілерінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс 2012 жылы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық актілеріне, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесіне сәйкес жүргізілді. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы 2013-2017 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы әзірленді, сондай-ақ «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы үшін «Еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» деген басшы құжатты

әзірлеу үшін қажетті ақпарат жинау жөніндегі жұмыс басталды. Есепті кезеңде өндіріске байланысты жазатайым оқиғаларға жол берілген жоқ. Қоғамның орталық аппаратында қызметкерлердің қызметтік міндеттерін орындауы кезінде олардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілгені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігі туралы сақ-тандыру шарты жасалып, әрекет етеді. Осындай шарттар Қоғамның барлық ЕТҰ-да жасалды. Қоғамның компаниялар тобы бойынша тізімдік саны 2012 жылы 13 351 адамды құрады. Оның ішінде 6 270 адам зиян және қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейді.

#### ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

«ҚазТрансГаз» АҚ өткен жылы Казэнерджи қауымдастығы және Қазақ экология және климат ғылыми-зерттеу институты өткізген парник газдарының шығарындыларын 2013 жылға квоталау мәселелерін талқылау жөніндегі дөңгелек үстелге қатысты. ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес 2013 жылғы қаңтардан бастап парник газдарының шығарындыларына квоталар алмай-ақ кәсіпорындардың қызметін шектеу әрекет етеді. Киото хаттамасын іске асыру тетіктерін түсінуге де-

ген бірыңғай тәсіл үшін 2012 жылдың қарашасында осы тақырыпта Қоғамның компаниялар тобының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметкерлерін корпоративтік оқыту жүргізілді. Қазақстанның Киото хаттамасының екінші кезеңіне міндеттемелер алуына байланысты Қоғам парник газдарының шығарындыларын азайту және квоталарды саудалау жөніндегі жобаларды әзірлеу саласында тәжірибе алмасу мақсатында шетелдік газ тасымалдау компаниялары-

#### ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

на баруға дайындықты бастады. Парник газдары шығарындыларының көздерін жыл сайынғы түгендеу және парник газдарының паспорттарын мемлекеттік кадастрда одан әрі тіркеу үшін уәкілетті органға тапсыру жөніндегі жұмыс жалғастырылды. Парник газдарының шығарындыларына квоталарды бөлу жөніндегі ұлттық жоспарға Қоғамның компаниялар то-

бынан «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның объектілері кірді. Қоғамның басқа компаниялар тобының объектілерінен парник газдарының шығарындылары жылына 20 000 тоннадан азды құрады. «Азиялық газ құбыры» ЖШС-нің салынып жатқан объектілерді пайдалануға енгізгеннен кейін жоспараланып отырған шығарындылары мемлекеттік резервтен квоталанатын болады.

#### ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК



Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өз қызметінде «ҚазТрансГаз» АҚ «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» ҚР Заңын басшылыққа алады. Көрсетілген Заңды орындау мақсатында «Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқама беру және олардың білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1225 қаулысымен Қоғамның Бас директорының 2012 жылғы 11 қыркүйектегі № 130 бұйрығымен Қоғамның орталық аппаратының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша оқытуға және білімдерін тексеруге жататын қызметкерлерінің тізімі белгіленді. Осы бұйрыққа сәйкес есепті жылы Қоғамның басқару аппараты өндірістік блогының қызметкерлерін оқыту және білімдерін тексеру ұйымдастырылды және жүргізілді. Өткен кезеңде Қоғамда газ құбырының жұмыстан алынатын учаскесінде қалатын табиғи газды кәдеге жаратуға арналған ұтқыр компрессорлық станциялардың 2 жиынтығын енгізу басталды, бұл қоршаған ортаға зиянды заттар шығарындыларын толығымен болдырмайды. Метанның жылыстауын аспаптық табу әдістемесін енгізу басталды. Тепловизор FLIR GF320 газдың тіпті елеусіз жылыстауының бар екенін табуға қабілетті, үлкен алаңдарды жылдам тексеруге және газдың жылыстауы бар жоғын қысқа уақыт аралығында, өндірісті тоқтатпастан, үлкен ара-қашықтықтан объектілердің мониторингін қамтамасыз

ететін, бұзбайтын бақылаудың айрықша қауіпсіз әдісі – нақты уақыт режимінде айқындауға мүмкіндік береді. Құбырларды қауіпсіз кесу жүйесі және жабдықтарды отпен кесу әдістерін пайдаланбай, шарғыларды кесу мен монтаждауды жүзеге асыруға, сондай-ақ шарғыны ауыстырмай-ақ және құбыржолдың кеңістіктегі жағдайын өзгертпей-ақ ақаулы дәнекерлеу қосылысын жөндеуді жүзеге асыру мақсатында металды таңдауды жүргізуге мүмкіндік беретін ернеулерді дәнекерлеуге дайындау енгізілген. Жылжымалы азотты компрессорлық станцияларды өндіріске енгізу басталды, бұл жұмыс жүргізу кезінде жарылыс қаупі бар газ-ауа қоспасына жол бермеуді қамтамасыз етеді. Компрессорлық станциялардың құбыржол бекіткіштерін тексеру үшін телебасқарылатын диагностикалық кешенді бұзбайтын бақылау жабдығы енгізілді. Бір өндірістік апат болды. БГА-ТБА МГҚ 2-ші желісінің 401 км учаскесінде газ жүретін әуе өтпесі алдында мақта егілген жерлерден екі ығыстырма арнаны аудартатын маңда 2012 жылғы 4 сәуірде газ құбыры арқылы тасымалданатын табиғи газдың тұтануымен және кейіннен жануымен газ құбыры ажырап кетті. 2012 жылғы 20 наурыздағы № 084-01-12R Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті экологиялық сақтандыру шартына сәйкес «Халық-Казяхинстрах» Қазақстан Халық банкінің еншілес сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Сақтандырушы) 16 778 929 теңге сомасына төлем жүргізді.

# Әлеуметтік жауапкершілік

## КАДРЛЫҚ САЯСАТ

Қоғам бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін сезіне отырып, әлеуметтік прогреске жәрдемдесуге, өңірлер халқының тұрақты дамуына және салауаттылығына, өз қызметкерлерінің әл-ауқат деңгейін арттыруға күш-жігер салады. Қоғам саясатының негізі – әрбір қызметкердің қамы, әлеуметтік мәселелерді шешу басымдығы.

Бүгінгі өзгерістер тұрғысынан ұйымның сыртқы орта жағдайларына сәйкестігін қамтамасыз ететін инновацияларды уақтылы енгізу қажеттілігі бар. Бұл ретте кадрлық саясаттың қызметкерлердің негізгі мүдделерін қозғайтын (мысалы, жұмыспен қамту, еңбекақы төлеу саясаты), алдын ала біліп отыруға және тұрақты болуға тиіс бөлігінен басқа, кадрлық саясат үнемі өзгеріп отыратын сыртқы ортаның жаңа талаптарына жауап ретінде іске асырылуына қарай пысықталып отырады.

Кадрлық саясат персоналмен жұмыс саласындағы үздік тәжірибені ескере отырып, осылайша, бірыңғай тәсілді қалыптастыруға және ҚТГ-ның персоналды басқару саласындағы құндылықтарының корпоративтік жүйесін өзірлеуге мүмкіндік жасаумен кадрлық менеджменттің бар тәсілдерін, жолға қойылған әдістері мен құралдарын біріктіруге шақырады.

Өзірленетін Кадрлық саясаттың негізіне мынадай базалық қағидаттар алынған:

- **Ашықтық** – адам ресурстарын басқару процесінің барлық кезеңіндегі ашықтық;
- **Кешенділік** – персоналды басқару қызметінің барлық салаларын қамту;
- **Жүйелілік** – саясаттың өзара байланыстағы барлық құраушы элементтерін қарау;
- **Негізділік** – персоналды басқару саласында ең жоғары экономикалық және әлеуметтік нәтижені қамтамасыз ете алатын қазіргі заманғы ғылыми өзірлемелерді пайдалану;
- **Тиімділік** – персоналды басқару саласындағы іс-шаралар шығындары өндірістік қызмет нәтижелерімен өтелуі тиіс.



Қоғамның компаниялар тобы ұжымдарда дұрыс жұмыс микроауа-лын жасауға бағытталған әлеуметтік сипаттағы төлемдерді өсіруге көп көңіл бөледі, бұл қызметкерлердің өздерінің негізгі қызметтерін табысты орындауға мүмкіндік береді. «ҚазТрансГаз» АҚ өзінің қызметкерлеріне медициналық сақтандыруды, материалдық көмекті, оның ішінде еңбек демалысы кезінде қызметкерлерді емдеуге және сауықтыруға арналған көмекті қамтитын әлеуметтік қызметтер пакетін және т.б. ұсынады. Ұжымдық шарттар және Еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларының негізінде 2012 жылы Қоғамның компаниялар тобы қызметкерлеріне материалдық көмектің мынадай негізгі түрлері төленді:

- демалыста сауықтыруға арналған материалдық көмек - 1 502 855 мың теңге;
- бала туылған кезде – 43 877 мың теңге;
- грамотамен, медальмен марапаттау кезіндегі төлемдер – 2 751 мың теңге;
- өзге төлемдер (некеге тұрған кезде, зейнеткерлікке шыққан кезде, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге көмек, ерекше жағдайларда емдеуге және операцияларға ақы төлеуге және т.б.) – 162 633 мың теңге.

2012 жылы Қоғам Кәсіподақпен бірлесіп, мынадай іс-шаралар өткізді: Қоғамның компаниялар тобы қызметкерлерінің арасында Жазғы және Қысқы спартакиадалар, балаларға арналған іс-шаралар (сыйлықтар, ойын-сауық іс-шаралары ұйымдастырылды) және т.б.

Балаларға арналған іс-шараларды өткізуге және қызметкерлер мен қызметкерлер балаларының демалысына 2012 жылы 120 054 мың теңге бөлініп, игерілді.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша әлеуметтік төлемдердің жалпы сомасы (жұмыс берушілердің әлеуметтік төлемдерін ескере отырып) 2012 жылы 2 215 501 мың теңгені құрады.

Қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің еңбек жағдайлары, өмір сүру сапасын қамтамасыз ету үшін Топтың бюджеттерінде жыл сайын Қазақстанның ең үздік клиникаларындағы медициналық қызметтердің кең спектрін қамтитын ерікті медициналық сақтандыруға қаражат көзделеді. Бұл ретте қызметкерге медициналық қызмет көрсету бағдарламасына медициналық қызметтердің бүкіл спектрін ұсынумен қатар дәл сол шарттарда оның отбасына (ері, зайыбы және балалары) қызмет көрсету көзделген. Бұдан басқа, сақтандыру компаниясы ұсынатын қызметтердің аясында физиологиялық жүктілік патронажы көзделген.

Мәселен, егер 2012 жылы Қоғамның компаниялар тобының қаражаты есебінен жалпы сомасы 331 млн теңгеге қызметкерлерді медициналық сақтандыру, оның ішінде 23,7 млн теңгеге «ҚазТрансГаз» АҚ-ның қызметкерлерін сақтандыру жүзеге асырылды.

Газ саласы қызметкерлерінің көпшілігінің жұмысы магистральдық газ құбырына байланысты және бір жағынан, қатаң климаттық жағдайлармен (ауыз судың жай-күйі, шаңды дауыл және т.б.), ал екінші жағынан, транзиттік газ құбырлары көбінесе елдің экологиялық жағынан қолайсыз өңірлері арқылы өтетіндігімен сипатталатыны белгілі.

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР заңнамасына сәйкес Арал өңіріндегі тұрғындарға негізгі жалақыларына 20 %-дан 50 %-ға дейінгі мөлшерде

## КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ, ӨМІР СҮРУ САПАСЫ

## КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУ, ОҚЫТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

экологиялық коэффициент есептеледі, сондай-ақ саны 6-дан 12 күнге дейін қосымша демалыс беріледі.

Қызметкерлердің ауруларының алдын алу, сондай-ақ демалыс кезеңінде оларды емдеу мен оңалту жөнінде жұмыс жүргізіледі.

Қоғам әлеуметтік сипаттағы төлемдерді өсіруге көп көңіл бөледі, олардың қомақты үлесін әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер құрайды. Ең алдымен олар әлеуметтік әріптестік негізінде ұжымдардағы дұрыс жұмыс микроауа-лын құруға бағытталған, бұл өздерінің негізгі қызметтерін табысты орындауына мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Қоғамда қызметкерлердің кәсіптік одақтарының қоғамдық бірлестіктері жұмыс істейді, жұмыс шеңберінде олармен қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасында ұжымдық шарттар жасалған, олар қызметкерлерге еңбек заңнамасында белгіленгеннен едәуір асып түсетін әлеуметтік кепілдіктерді, төлемдерді және өтемақылар мен жеңілдіктерді көздейді, мысалы:

- алғашқы некеге тұруға, бала туылуына байланысты, жақындарының қайтыс болуына байланысты жерлеуге және т.б. арналған төлемдер;
- жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты қосымша ақы төленетін демалыстар;
- қызметкерлердің санаторлық-курорттық емдеу құнының және компания қызметкерлерінің балаларына балаларға арналған сауықтыру лагерлеріне жолдамалар құнының 75 %-ына және одан астам бөлігіне ақы төлеу;
- және т.б. сияқты.

Серпінді дамып келе жатқан компания бола отырып, жаңа өңірлерді игерумен Қоғам тиісінше еншілес және тәуелді ұйымдар қызметкерлерінің жалпы санын өсіруде. Персоналдың қозғалысы барынша болжанатын, жоспарланатын және компанияны дамытудың жалпы тұжырымдамасына сәйкес келетін болуға тиіс екенін назарға ала отырып, оның кадрлық әлеуетін күшейту үшін барлық мүдделі тараптар: студенттер, білім беретін ұйымдардың өкілдері және Қоғам үшін жалпы кешенді тәсіл қажет. Сондықтан пайда болатын бос орындарды жоспарлы түрде толтыру мақсатында, сондай-ақ қандай да бір бағыттағы лауазыммен қойылатын талаптарға жауап беретін жас мамандар тобын қалыптастыру үшін ЕТҰ-да Жас мамандарды даярлау қағидалары әзірленіп, бекітілді. Бұл ішкі құжат жас мамандарды даярлауға қажеттілікті айқындау, кандидаттарды жинау тәртібін, Қазақстан Республикасының, таяу және алыс шетелдің оқу орындарына оқуға жіберу тәртібін сипаттайды. Қазіргі уақытта штаттан тыс кадр әлеуетін дамыту жөніндегі комиссияның құрамы бекітілді, осы мәселе бойынша жоғары оқу орындарымен хат алысу жүргізілуде. Үздік техникалық жоғары оқу орындары базасында Қоғамның компаниялар тобы ұйымы үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлау жоспарланып отыр.

Қоғамның қызметкерлері Астана қ. «Самұрық-Қазына» корпоративтік университеті) жеке мекемесі («ЕЦРП» ЖМ) базасында да, Қазақстан Республикасының, таяу және алыс шетелдің басқа да оқу орталықтарының базасында да біліктілікті арттыру курстарына, семинарларға, тағылымдамадан өтуге және тренингтерге қатысады.

Қоғамда персоналды дамытуға бағытталған «Даярлау және біліктілікті арттыру» сияқты бағдарламалар әрекет етеді, сондай-ақ «Жас маман» бағдарламасы әзірленген.

«Даярлау және біліктілікті арттыру» - Компанияның персоналын дамыту жөніндегі тұрақты әрекет ететін бағдарлама.

Қоғамда даярлау мен біліктілікті арттыруға бағытталған персоналды дамыту жөніндегі бағдарлама әрекет етеді. Жыл сайын Қоғамның бюджетінде персоналды оқытуға және біліктілігін арттыруға қаражат көзделеді. Қоғамда ПР ҚР 51.3-002-2004 Магистральдық газ құбырларын техникалық пайдалану қағидаларына («Персоналды техникалық даярлау» деген 1.2-т.) сәйкес магистральдық газ құбырларының техникалық объектілерін әлеуметтік жағынан даярланған персонал пайдалануға тиіс. Қауіптілігі жоғары объектілерге қызмет көрсететін персонал мемлекеттік техникалық қадағалау жергілікті органдарымен келісілген бағдарламалар бойынша кәсіпорындар арнайы құратын курстарда даярлаудан (қайта даярлаудан) өтуге тиіс.

2012 жылы Қоғамның компаниялар тобы 2 773 қызметкерді жалпы сомасы 416 млн теңгеге оқытты, бұл 2011 жылдың нақты көрсеткішімен салыстырғанда 12%-ға жоғары, олардың негізгі үлесін өндірістік персоналдың қызметкерлері алады (1836 адам), олар Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясы мен Украинаның оқытушы ұйымдар мен оқу орталықтарының базасында даярлықтан өтеді және өздерінің біліктілік деңгейін арттырады. Жұмыс персоналын кәсіптік оқыту және дамыту Қоғамның кадрлық саясатының ұзақ мерзімді және басым бағыттарының бірі болып табылады, өйткені жұмысшы кадрлардың кәсіптік деңгейі қауіпсіз өндірістің тиімділігін арттырудың, еңбек өнімділігін өсіру мен жұмыстың сапасын жақсартудың маңызды факторы болып табылады. Жас мамандарды сапалы кәсіптік даярлауға ерекше көңіл бөлінеді. Қоғамда Қоғам қызметкерлері балаларының Қазақстан мен Ресейдің жоғары оқу орындарында білім алуы үшін қолдау көрсетіледі. Осы мақсатта «Жас маман» бағдарламасы әзірленген. Мысалы, қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында Қоғамның қаражаты есебінен республикамыздың 114 жас азаматы білім алуда, олар оқуды бітіргеннен кейін газ саласына жұмысқа келеді.

Қоғамның компаниялар тобы бірнеше жылдар бойы халықтың әлеуметтік осал топтарына, оның ішінде жетім балаларға, мүгедек балаларға, ардагерлерге, мүгедектерге, зейнеткерлерге, Қазақстан Республикасының табысы аз азаматтарына атаулы көмек көрсетіп келеді, сондай-ақ ғылым, білім, денсаулық сақтау және мәдениет ұйымдары мен қайраткерлеріне көмек көрсетілуде.

2012 жылы Қоғамның компаниялар тобы жалпы сомасы 640 млн теңгеден астам демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетті, мыналарды атап өткен жөн:

- халықтың әлеуметтік осал топтарын және қоғамдық ұйымдарды қолдау (балаларға, жетімдерге, мүгедектерге, сондай-ақ емдеу мен операцияларға мұқтаж адамдарға көмек көрсету) – 464 099 мың теңге;
- мұнайшы ардагерлердің әлеуметтік мұқтаждары үшін «Мұнайшы» қоғамдық қорына – 10 млн теңге.
- Спорттың жекелеген түрлерін басым дамытуға жалпы сомасы 89 345 млн теңгеге демеушілік көмек көрсетілді, оның ішінде:
  - Жамбыл облысы Бокс федерациясының республикалық, халықаралық деңгейдегі жарыстарға даярлықтың сапалы деңгейін көтеру, қазақстандық боксшыларды қолдау және қала мен облыста

#### ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

боксты дамыту үшін – 50 млн теңге;

- жөндеу жұмыстарын жүргізу және спорттық жарақтар мен жабдықтар сатып алу үшін Қазақстан Республикасының заманауи бессайыс федерациясына – 5 млн теңге;
- күресті дамытуға және баршаға танымал етуге байланысты барлық іс-шараларды орындау, ұлттық құрама командаларды алдағы лицензиялық Әлем Чемпионатына сапалы және толыққанды даярлау, оқу-жаттығу жиындарын өткізу, жаттықтырушылар құрамын күтіп-ұстау үшін «Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы» РОО - 30 млн теңге.

Бұдан басқа, 9 Мамыр ҰОС-ғы Жеңіс күні құрметіне ардагерлер мен оларға теңестірілген адамдарды құрмет тұту жүргізіледі, Ұлы Отан соғысына және еңбек тылына қатысушыларға атаулы көмек көрсетіледі. ҰОС ардагерлеріне, интернационалист жауынгерлерге, Чернобыль АЭС-індегі аварияны жоюға қатысушыларға 9 Мамыр Жеңіс күніне материалдық көмек бөлінді.

